



Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

№ 11 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2004 жылғы 17 мамыр

Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2004 жылғы 14 мамырда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	6260,3	6334,1
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	5596,2	5596,2
Алтын	664,1	737,9
Ақша базасы, млрд. теңге	321,7	321,7
KZT/USD (кезең аяғында)	137,15	144,22
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	375,50	417,25

* 2003 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы мамырдың бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 1,1%-ке (немесе 66,9 млн.долл.) өсті. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногында валюта сатып алуы таза валюта қорларын (ЕАВ) 88,0 млн.долларға толықтыруға ықпал етті. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 21,1%-ке төмендеуі нәтижесінде 3,0 млн. долларға төмендеді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 1,4%-ке, ЕАВ-мен таза активтер – 1,6%-ке, алтынмен активтер – 0,04%-ке өсті.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 3721,4 млн. долл.) қоса алғанда 9986,6 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі – 0,6 % болды.

2004 жылғы мамыр айының бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің көбеюі ақша базасының 1,7%-ке (немесе 5,4 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.